

КОНСУЛЬТАЦИЯНЫҢ БЕРІЛГЕНДІГІ ТУРАЛЫ ЕСЕБІ

Тақырыбы: «Күріш дақылының тұқым шаруашылығын жүргізу ерекшеліктері»

Бағыты: «Өсімдік шаруашылығы, дәнді, майлы және малазықтық дақылдар»

Кеңес берілген күні: 29 қараша, 2025 жыл

Консультация өткізген жер: Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Мәдениет ауылы, «Айнаш» ШҚ

Эксперт  Қ. Бәкірұлы.

«Ы. Жақаев атындағы Қазақ күріш
шаруашылығы ҒЗИ» ЖШС-нің
Басқарма төрағасы





С.Т. Тауипбаев

Қазіргі таңда күріш шаруашылығын таза тұқыммен қамтамасыз ету проблемалы мәселеге айналып отыр. Тұқым шаруашылығындағы басты проблема тұқымдық күріштің ішіндегі қызыл дәннің көп болуы, сорттар бойынша жоғары репродукциялы тұқымның жетіспеушілігі және сортараластығы болып отыр.

Жалпы, тұқым шаруашылығы және күріш өндірісі ҚР-ның «тұқым шаруашылығы» 08.02.2003 ж. №385-ІІ Заңына сәйкес төмендегідей сызба бойынша жүргізілуі тиіс: ұрпақты сынау питомнигі (ҰСП) –

- көбейту питомнигі – суперэлита – элита – репродукциялы (І-ІІ-ІІІ)-тауарлы.

Осы тұқымдарды дайындауды оригинатор тұқым өндіруші, элиталық және мамандандырылған тұқым шаруашылықтары жүзеге асырады

Оригинатор мекемеге (Ы. Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ҒЗИ) 3-4 сорттың бірегей тұқымымен қатар элиталық және жоғары репродукциялы тұқымын өндіруге рұқсат берілген.

ҰСП –не егілген өсімдіктерге вегетациялық даму кезеңінде қатаң бақылау жасалынып, қызыл дәнді күріш, басқа сорттар немесе дұрыс дамымаған өсімдіктер байқалған қатарлар түгелдей орып алынып жойылады. Осыдан кейін ҰСП-нен жиналған бірегей тұқым 100% таза болады, алынған тұқым мөлшері шамамен 250-300 кг-дай болады. Келесі жылы осы тұқым көбейту питомнигіне (КП) арнайы жоңышқадан кейін немесе сүдігер жыртылып ерте көктемде арандатып суғару (провокационный полив) арқылы арамшөптері мен күрішті (қызыл, басқа сорттар) шығарып алып қайта айдап тазаланған жерлерге егіледі. Дәнді себуди кәдімгі технологиямен немесе жалға егу әдісімен, селекциялық тұқым сепкішпен, болмаса қолдап себу арқылы (1,0-1,5 га) егеді.

Егіс егілген алаңды агротехникалық талапқа сай күтіп-баптап, пісу кезеңі жақындағанда 2-3 рет сорттық отау (сортвая прополка) жұмыстары жүргізіледі. Пісіп жетілген егісті арнайы селекциялық комбайнмен жинау керек, себебі үлкен комбайндарды жинауға пайдалансақ, комбайн бойында бұрын қалып қойған күріштің басқа сорттары және қызыл дәндері жаңа тұқымға араласу қаупі туындайды. Әдетте, көбейту питомнигінен (КП) жиналған 3,0-4,0 тонна тұқымды келесі жылы 12-15 га жерге егіп, 45-50 тонна суперэлиталық тұқым жиналады.

Жалпы, тұқымның тазалығын мемлекеттік стандарттың талабына толық жеткізу үшін жоғарыда айтылған шараларға қосымша әр сорт егісін бөлек орып, жинап, тазалап, қоймада сақтау жұмыстары міндетті түрде атқарылуы тиіс. Ал бұл жұмыстарды бір тұқым шаруашылығында өз деңгейінде жүргізу үшін 3-4 тен артық сорттар егілмеуі тиіс. Бүгінгі таңда облыс көлемінде егіліп жүрген 12-14 күріш сортының тазалығын талапқа сай ұстап тұру үшін 5-6 элиталық тұқым шаруашылығы қажет болар еді. Сол себепті облыс көлемінде топырақ климат аймақтарына қарай 4-5 күріш сортын ғана ексе сорттың тазалығы, күріш өндірісінің экономикалық тиімділігі артып бәсекеге қабілеттілігі күшейеді.

